

ӘОК 338.41

Нұрғалиева Гүлнар Қазыбекқызы – э.ғ.к., доцент, (Алматы, М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы)

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан экономиканы реформалаудың көптеген маңызды мәселелерінде алғашқы болды.

1993 жылдың 15 қарашасында республика экономикалық тәуелсіздіктің ең негізгі белгісі - ұлттық валюта теңгені шығарды, бюджеттік, салықтық және кедендік жүйені құруға көшті. Қазақстан Республикасы ТМД елдерінің ішінде алғашқы болып салық реформасын жүргізді. Соның нәтижесінде салықтар мемлекеттік бюджетті толтырудың әдісі ретінде ғана емес, сондай-ақ инвестициялық-өндірістік қызметті ынталандырудағы маңызды құрал ретінде қарастырыла бастады [1].

Тағы да бір маңызды мәселе экономиканы мемлекетсіздендіру немесе жекешелендіру болды. Экономиканың даму логикасы көрсеткендей, нарыққа нақты түрде өту мемлекеттік меншікті жекешелендірусіз мүмкін емес, және бұл мәселе сәтті түрде өз шешімін тапты.

Модернизация жолындағы күрделі мәселе жаңа инвестициялық саясатты қалыптастыру болды. Қазақстанда қысқа мерзімде қаржылық ресурстарды тарту үшін барлық қажетті институционалды және нормативтік-құқықтық жағдайлар жасалды. Дұрыс инвестициялық саясат арқасында Қазақстан адам басына тікелей шет ел инвестицияларын иемдену көлемі бойынша ТМД елдері арасында сөзсіз көшбасшы болды. Он жеті жыл ішінде ел экономикасына 70 миллиард доллардан астам шетел инвестициясы тартылды. Қазіргі уақытта Қазақстан шетел экономикасына 4,5 миллиард доллардан астам инвестиция сала отырып, белсенді инвестор бола алды.

«Қазақстан - 2030» стратегиясын жүзеге асыру барысында мемлекет экономикалық модернизация мәселесінде маңызды прогреске жетті: әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика құрылды, отандық кәсіпкерлердің қуатты тобы қалыптасты, шағын және орта бизнес сәтті дамып келе жатыр, орта топтың құралуы белсенді жүріп келеді.

Осының бәрі әлемдік шаруашылық жүйесінің сәтті интеграциясына бағытталған өте күрделі мәселелерді жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Өндірістік - инновациялық даму процесінде қозғалған 2006 жылғы Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиясы өзіне ұлттық және халықаралық көлемдегі жобаларды алды, өндірістік сектордың тиімділігін арттырудағы жұмысын, шикізаттық емес салалардың және экономиканы ірі көлемді диверсификациялауды белсенді бағыттар ретінде мойындады. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда маңызды рөлге Қазақстанда құрылған көлікті дамыту институты ие болады.

Әлемдік қаржы дағдарысы ары қарайғы дамудың мәселелерін маңызды етті, қаржылық тұрақсыздық қаупіне мемлекеттік жүйелік және оперативті әсер ету механизмін қалыптастыруға мүмкіндік берді, Қазақстан экономикасына халықаралық нарықтардың сенімін күшейтті. Ішкі инвестициялық ресурстарды аккумуляциялау және мемлекеттік холдингтердің ролін жоғарылату қажеттігіне көңіл аударылды. Мұны халықаралық мұнай және энергетикалық нарықтың жауапты қатысушысы ретіндегі мемлекет пікірінің ары қарайғы күшею бағыты расталды. Ол халықаралық нарыққа дайын өніммен және жоғары қосымша құнмен шығуды қамтамасыз ету керек.

Осыған байланысты қалыптасқан және қазақстандық тәжірибеде қолданылатын экономикалық - саяси жаңғыртудың негізін қалаушы кейбір принциптерінің маңызды әдістемелік және тәжірибелік мағынасы бар.

Қазақстан бөтен біреудің экономикалық моделіне интеграциялануды көздемейді. Халықтың басым бөлігімен қолдау тапқан Қазақстандық жол – дәстүрлі қоғамнан қазақстандық даму моделінің қазіргі заманғы тенденциялары мен ерекшеліктерін ескеретін концептуалдық жоспарды күрделі түзетулер негізінде басқарудың қазіргі заманғы жүйесіне өту жолында өзінің дербес даму жолын іздейді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей қоғамдық процестерді басқару жүйесі тереңнен ауысқан, ал либерализм дәстүрлілікке қарсы қойылған елдерде процесс қоғамдық құлдырауға немесе оның диктаторлық режимге ауысуына бастама көтерген күштердің пайда болуына алып келген.

Қазақстанда мемлекеттік реттеудің қайта құрылу схемасы экономикалық реформалар қарқыны белгілі бір деңгейде жаңғырту процестерінің мазмұнымен үйлесімділікте болатындай жағдайда құрылған. 1996 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаев: «қан мен хаустан пайда болған демократия бізге тегінде керек емес. Біздің демократиямыздың негізі – саяси, әлеуметтік және ұлтаралық тұрақтылық. Біз басқа елдер демократиялық спринтке шапалақ ұру үшін өз ұлтымызға эксперимент жүргізбейміз» деп айтып өткен [2].

Сонымен бірге экономиканы мемлекеттік басқару және реттеу мәселелеріндегі қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтар, әсіресе, өткен ғасырдың 90-шы жылдары жеткілікті болды.

Мәселен, саяси жаңғырудың едәуір күрделі салаларының бірі құқықтық мемлекет принциптерін ұстанған, экономикалық және саяси прогреске, экономикалық тұрақтылықты көптеген жылдарға сақтап қалуға, өзара тиімді ымыраға келу жолдарын іздестіруге бағытталған парламенттік құрылыс болды. Жүйелі және ой елегінен өткізілген бағыт көптеген жылдарға экономикалық тұрақтылықтың негізін қалаған 1995 жылы Конституцияның қабылдануы, тұрақты негізде қызмет ететін қазіргі заманғы және кәсіби екі палаталы парламенттің құрылуы болды. 2007 жылы жүргізілген конституциялық реформа мемлекеттік басқару мен реттеудің едәуір демократиялық және институциялық тұрақты формасына өтуді жүзеге асыра отырып, кеңестік дәуір жүйесінің президенттік жүйеден президенттік-парламенттік жүйеге оңтайлы ауысуының алғы шарттарын тудырды.

Қазіргі уақытта экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларды қазақстандық реформалау моделі дамушы елдердің ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманғы әлемнің дамыған елдерінің сұранысына ие. Ол үшін, қазақстандық академик К.Сағадиевтің пікірінше қазақстандық экономиканың белгілі бір өсу қарқынын ұстап отыру, экономиканы диверсификациялау процесін алға тарту, шетел инвестицияларының ағымын күтіп отырмастан ішкі даму көздерін, ең алдымен ішкі нарықтың даму көздерін іздестіру қажет. Қазақстанда ішкі жинақтар жеткілікті, бірақ осы жинақтарды инвестициялық көздердің жинақталуы ретінде қор нарығының құралдарын жандандыру арқылы ынталандыру керек.

Ресей академигі Е.Велихов та халықтың ішкі сұраныстарын ынталандыру үшін ішкі нарықты дамыту қажет деп санайды. Екіншіден, төрт басты технологияларды, яғни нано-, биотехнология, ақпараттық және когнитивтік (ой технологиясы) технологияларды дамытуда инновациялық қызметті ынталандыратын жағдайлар жасау керек. Шаруашылық жүйесінің басымды келісімділігі мақсатында стратегиялық жоспарлау дағдарыс кезінде де қажет болып қала береді [3].

Мемлекеттік саясат диверсификацияның екі түрін жүргізе алады. Диверсификацияның бірінші түрі әлемдік нарықта бар бәсекеге қабілетті қазақстандық шикізат, тауарлары – мұнай, газ, металдар негізінде аралас саланы дамытуды көздейді. Бұл жағдайда мұнай химиясы, мұнай газ машина жасау, химия, қызмет көрсетулерді дамыту басымдық жасалады.

Екінші түрдегі диверсификация – бұл IT-технологияларды кеңінен қолдану және кластерлерді дамыту негізіндегі технологиялық диверсификация. Қазақстандық модельде, біздің ойымызша, экономиканы диверсификациялау ұлттық компаниялардың қосымша құнды арттыру мақсатында активтердің мемлекеттік портфелін тиімді басқарумен бір уақытта жүзеге асырылады – соңғы қаржылық дағдарысқа қарамастан мемлекеттік реттеудің басты жолы осы болып отыр (1- сурет) [4].



1 - сурет. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру процесін мемлекеттік басқару сипаттамасының негіздемесінің алгоритмі

Бәсекелестік барысында нарық талаптарына сәйкес келмейтіндер бір уақытта банкрот болған кезде едәуір тиімді шаруашылық етуші субъектілер іріктеледі, олар нығайып, дамиды. Бұл процесс монополиялық биліктің пайда болуын негіздейді.

Бәсекелестіктің дамуының диалектикасы мәні оның өзін «таза» түрінде сақтап қала алмауында және монополияның туындауына алып келеді. Монополия бір шаруашылық етуші субъектінің үстемдігімен сипатталады, мысалы, баламасы жоқ теміржол көлік қызметтері. Бұл ретте жеке тауар өндіруші бағаға үстемдік жүргізе алады және монополияның болуының экономикалық мүдделігінің негізінде оны барынша көп табыс алу үшін пайдаланады. Бұл табыс – өндірістің монополизациялануымен және өндірістің көлемі мен оны техникалық жаратандырудағы, ресурстық қамтамасыз етудегі және өнімнің бірлігіне кететін материалдық және еңбек шығындарының едәуір төмен деңгейде болу артықшылықтармен қамтамасыз етіледі.

Өз уақытында монополиялық шамадан тыс табыстың көзі ретіне К.Маркс мыналарды бөліп көрсетті: еңбектің жоғары өнімділігінің салдарынан қалыптастырылған қосылған құнның шамадан тыс көптігі; өнімді өндіруге жұмсалған еңбек өнімділігінің динамикасы мен осы өнім бағасының динамикасы арасындағы алшақтық мөлшеріне тең жұмыс күші құнының бір бөлігіне монополияны беру; монополизацияланбаған кәсіпорындарда өндірілген және олардың өнімдерін жоғары бағамен қайта сатумен айналым саласы арқылы монополия белгіленген қосу құны. Бәсекелестік пен монополияның өзара байланысы туралы К. Маркс былай деп жазды: «Нақты өмірде біз бәсекелестікті, монополияны, формуланы ғана емес, қозғалыс болып табылатын олардың антогонизмін, сонымен бірге синтезін де табамыз. Монополия бәсекелестікті тудырады, бәсекелестер

монополистерге айналады. Синтез дегеніміз монополияның үнемі бәсекелестік күреске түсуінің арқасында сақтап қалуында.

Монополия бәсекелестік барысында пайда болады және онымен тікелей байланысты: бәсекелестік күресте басып алынады, қорғалады және жоғалтылады. Еркін бәсекелестік капиталдың шоғырлануын және орталықтануын тудыра отырып, монополияның пайда болуына жағдайлар жасай бастайды.

Экономикадағы монополиялық және бәсекелестік күштердің өзара іс-әрекетінің екі жақты сипаты болады. Бәсекелестік өзінде белгілі бір нарық түріне қолдануға болатын жаппай реттеуші (немесе өзін өзі реттеуші) бастаманы жұтып алады. Бәсекелестіктің күштері экономикалық тиімділіктің барлық факторлардың әсерлерін барынша арттыру жағына бағытталған. Бірақ олардың жаппай сипаты, әсіресе, бөлінбеген үстемдік жағдайында дағдарысының бірқатар ауыр салдарына қайта өндіруге, инфляцияға, экологиялық проблемаларға алып келуі мүмкін [5].

Монополиялық күштер нарықта жеткілікті күшті өндірушілер тарапынан және оларды мемлекет тарапынан біріктіруден көрінеді. Олар да әсер етудің екі жақты сипатына ие: бір жағынан олар бәсекелестіктің жаппай күшінің шектен тыс жойқын әсерін шектей және осы мағынада бүкіл экономиканың неғұрлым тепе-теңдікте дамуына ықпал ете алады [6]. Екінші жағынан, кейде оны жүзеге асырушының эгоистік мақсатына бағына отырып, мұндай реттеу ғылыми-техникалық жетістіктерді ұстап тұруға және өндіріс тиімділігін төмендетуге алып келеді. Нарық бәсекелестік немесе монополиялық күштердің біреуінің ғана ықпалында қалған жағдайда олардың кез келгенінің теріс, жағымсыз салдары толық көлемде көріне бастайды.

Монополиялық биліктің көрінуінің шарты шоғырлану болып табылады. Шоғырлану өндіріс көлемін кеңейтудің объективті процесін көздейтін экономикалық заң ретінде болады. Қатаң бәсекелестік күрес өндірісшілерді өндіру техникасын жетілдіруге, кәсіпорындардың санын арттыруға мәжбүрлейді, ол өндірістің жаңа құралдарын тартуды көздейді, өндіріске салу үшін қажетті капиталдың ең аз мөлшерін біршама арттырады [7].

Шоғырлануды жүзеге асырудың әдістері (мотивтері) синергетикалық тиімділік, басқару сапасын, салықтық артықшылықтарды арттыру, өндірісті диверсификациялау түріндегі көлемнен шығатын тиімділік болады [8]. Шоғырланудың өсуімен шығындардың көптеген түрлері өндіріс көлеміне қарағанда аз мөлшерде өседі, сондықтан өндіріс көлемі артқан сайын өнім бірлігіне кететін шығындардың орташа мөлшері төмендейді.

С.Самуэльсон тұрақты және ауыспалы шығындарды бөліп көрсетеді. Тұрақты шығындар кез келген жағдайда болады, себебі осы бір қысқа мерзімді кезеңге тоқтатылған өзгермейтін міндеттемелерді орындайды. Мысалы, қарыздар бойынша пайыздар, жалға алу төлемдері, менеджерлердің жалақысы, жалпы салықтар. Ауыспалы шығындарға өндіріс көлемінің ауытқуына байланысты өзгертін шығындар жатады. Мәселен, шикізат бағасы, өндірістік жұмысшылардың жалақысы. Көлемнің артуы қолда бар ресурстарды барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Құндық факторлар да белгілі бір мәнге ие болады: барынша өнімді жабдықтар сәйкесінше қымбат тұрады. Қымбат жабдықты өнімнің едәуір көлемін шығару кезінде ғана тиімді пайдалану және оны тек ірі компания ғана сатып ала алады. Өндірілетін өнімнің үлкен көлемі жабдықтар мен қызметкерлердің мамандану деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Синергетикалық тиімділік екі немесе одан да көп шаруашылық етуші субъектілер активтерінің өзара толықтырушы әрекеттерінен көрінеді, оның жиынтық нәтижесі осы субъектілердің жекелеген әрекеттері нәтижелерінің сомасынан біршама асып түседі. Шоғырлану әртүрлі шаруашылық етуші субъектілер өзара толықтырушы ресурстарға ие болған жағдайда тиімді болмақ. Олардың бірігуінен кейін жаңа компанияның құны арта түседі, себебі олардың әрқайсысы өздеріне жетіспегенге қол жеткізеді. Монополиялық дәрежеге жетуге немесе оны күшейтуге ұмтылысты активтердің қосылуын-шоғырлануын жүзеге асырған көптеген

компаниялар басшылыққа алады. Бұл жағдайда олар бағалық бәсекелестікті ұстап тұруға мүмкіндік алады. Шоғырланудан жаңа технологияларды дайындау және өнімнің жаңа түрлерін жасау жөніндегі қымбат тұратын жұмыстарға үнемдеу есебінен пайда алуы мүмкін. Ол арқылы оларды жүзеге асыруға қажетті алдыңғы қатарлы ғылыми идеялар мен ақша қаражаттары біріктіріледі. Технологиялық қатынастағы ғылымды көп қажет ететін өнімді өндірумен және пайдаланумен байланысты жас алдыңғы қатарлы салалар шоғырлану кезінде қызығушылық туғызатын басты салаға айналады. Шоғырлану тігінен, көлденеңінен және конгломеративтік бірігулер мен қосылулар арқылы жүзеге асырылады.

Тігінен шоғырлану ұдайы өндірістің (химияда, металлургияда, мұнай және газ өнеркәсібінде және т.б.) бірыңғай өндірістік-технологиялық процестің әртүрлі сатысында қызмет ететін ұйымдарды біріктіруді көздейді. Бірлестік қатысушыларының арасында технологиялық және кооперативтік байланыстардың болуы өнімді өндірудің салыстырмалы аз шығындарын қамтамасыз етеді. Шоғырлану өзіндік жинақтар және акцияларын сатып алу арқылы қызмет ететін кәсіпорындарды сатып алулар есебінен жаңа кәсіпорын құру жолымен жүзеге асырылады. Осындай шоғырландыру нәтижесінде дамыған салаларға жататын және нарықты жоғары деңгейде бақылаудың күшті өндірістік позициясы бар ондаған және жүздеген кәсіпорындар кіретін бірлестік құрылады.

Көлденең шоғырлану бір тауар нарығында жұмыс істейтін және бәсекелес ұйымдарды салалық емес өндірістерді кіргізу есебінен диверсификацияланған негізде корпорацияны құру арқылы біріктіруді көздейді. Ол бәсекелестікке шешуші ықпал етуге, басқа экономикалық субъектілердің нарыққа кіруіне кедергі жасауға мүмкіндік; шаруашылық етуші субъектілер жасайтын әрекеттерге ниет етушілікті; халықаралық сауда үшін нарықтың жабық болу; ықтимал бәсекелестердің директоратының араласуы; шаруашылық етуші субъектінің нарықтағы тауар айналымының ортақ шарттарына әсер ету мүмкіндігін береді.

Оларға бағалық және бағалық емес кедергілер жатады. Кедергілерді орнатудың жаңа баға саясатын қолдана отырып монополистік бәсеке тез арадағы пайдадан бас тартады және бағаны өндірістің орта шығын деңгейінде орнықтырады. Мұндай саясат бағапың «жыртқыштық» түрленуі деген атқа ие. Ол «тонаушылық» түріндегі бағаның өсуі бәсекелестердің шығынға ұшырауына әкеліп соқтыратын нарықтағы аутсайдерлер алдындағы шығындарда маңызды артықшылық тудырады. Нарықтан бәсекелестерді ысыру монополиялық бағаны орнатуға мүмкіндік береді.

Конгломеративті бірігу шикізатты жеткізуші мен өнімді сатып алушының ұзақ мерзімді келісім-шартының таралуымен жүзеге асады. Ол потенциалды сұраныстың шегін тарылтады, потенциалды бәсекелестердің кірісуінің алдын алады, сондай-ақ конгломеративті бірігу бәсекелестердің кіруінің алдын-алуға бағытталған кең жолақты дистрибьютерлік желінің дамуымен жүзеге асырылады. Өндірістің үлкен көлемі аса тиімді техникалық және ұйымдасқан әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Үлкен өндірістік қуаты бар өнеркәсіп сұраныстары өзгеріп отыратын бірнеше нарыққа қызмет көрсете алады. Ол бір нарықты қамтамасыз ететін тәуелсіз бәсекелестерге қарағанда белгісіздікке азырақ ұрынады, және қымбат инвестициялар арқылы типтік қуаттарды үнемдей алады.

Өндіріс конгломератынан алынатын өнімнің шығарылуы әр түрлі қызмет түрінің бірігуі нәтижесінде болады (аудит, маркетинг, персонал қызметі, қаржы, зерттеу және жасау). Нәтижесінде орташа шығын ең төменгі минимумға дейін және ең көлемді берілумен, тиімді минималдық шығарылыммен сипатталады. Егер ірі кәсіпорындағы жоғарғы шығын мәнінің артықшылығы көрсетілетін болса, зерттеу көздері жоғарғы минималды тиімділік көлемін шығару кіріс кедергісін тудырады.

Ірі компаниялар нарық жағдайында өздерінің жағдайын «асыра пайдаланады». Отандық монополистер бюджетке салықты төменгі мөлшерде, заңды және заңсыз жолдармен төлеуге тырысады. Өндірістік кәсіпорындардың салық жүктемесінің орташа коэффициенті

20-21%, Евразиялық Банк тобында ол 3% құрайды, «Теңіз Шевройлда» - 3%, «Қазақмыс» корпорациясында - 15%, «Казцинк» компаниясында - 10%, және т.б. [9]

Монополиялық билік макроэкономикалық тұрғыдан қоғамға үлкен шығындар әкеледі. Ол келесідей белгілерге ие: өндіріске және өнім өндіруде ресурстарды рационалды емес қолдану; бағаның бір уақытта көтерілуі нәтижесінде тұтынушыларды жоғалту; ғылыми-техникалық прогресс талабына қызығушылық пен әсердің төмендеуі. Нарықтық тепе-теңдікті құрастыра отырып, монополия экономиканың жалпы салаларында ресурстарды бөлуді тиімсіз жүргізеді. Соның нәтижесінде ресурстардың тиімді орналасуы бұзылады.

Монополиялау нарықтағы бәсекелестерді ығыстырып шығарады және олардың бұрынғы тапқан пайдасы жеке монополияның пайдасына көшеді. Монополиялаумен байланысты біріккен таза шығынды шығарудың қысқаруы нәтижесінде тұтынушылар мен өндірушілерге жетпей қалған соммадан құрылады. Бұл шығында монополияның «жансыз жүгі» деген атқа ие. Экономикадағы бәсекелестік экономикалық концентрация деңгейінде анықталады. Қазақстан заңнамасында көрсетілгендей, концентрация деңгейінің баға көрсеткіші тіркелген өндіріс үлесі санымен шығарылады. Егер шаруашылық субъектісінің жалпы көлемі 35% аспаса, ол нарық бәсекелік деп саналады. Мысалы Германиядағы бұл көрсеткіш нарық айналымының 1/3 тең, ал Венгрия мен Чехословакияда 30% тең. [10].

Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігі төмен, себебі бәсеке деңгейі 0-65% аралығында ауытқып тұрады, оған бір немесе бірнеше басым шаруашылық субъектілері әсер етеді. Мысалы, «Қазақмыс» корпорациясы мыс өндірісін, аффенирленген күмісті; «Теңіз Шевройл» - күкірт шикізатын; «Испат Кармет» корпорациясы болат, шойын өндіруді; Евразиялық банк кәсіпорын тобы хром, алюминий, темір кенінің өндірісін монополиялады (1-кесте).

1-кесте.

| Компаниялар | Қызмет түрі | Нақты өндірілген өнімнің республикалық бөлігі |
|------------------------------|------------------------|---|
| СП «Теңіз Шевройл» | Шикі мұнай өнімі | 36 |
| | Табиғи газ өнімі | 35,6 |
| | Шикі күкірт өнімі | 99,5 |
| «Қазақмыс» корпорациясы | Аффинерленген күміс | 63,8 |
| | Рафинерленген мыс | 100 |
| | Мыс провалкасы | 98,8 |
| «Аксес Индастриз» компаниясы | Тас көмір өнімі | 49,2 |
| Павлодарлық НПЗ | Мұнай өнімі | 53,24 |
| «Казкоммерцбанк» мекемесі | Бензин өнімі | 61 |
| «Испат-Кармет» компаниясы | Алгомерат темірі | 100 |
| | Чугун | 100 |
| | Сталь | 100 |
| | Темір кені | 100 |
| | Ақ темір | 100 |
| Евразиялық банктің мекемесі | Алюминий өнімі | 100 |
| | Хром өнімі | 100 |
| | Темір рудасы (оқатышы) | 100 |
| «Казцинк» компаниясы | Аффинерленген күміс | 36,2 |
| | Рафинерленген мыс | 72,9 |
| | Шойын | 82,2 |
| | Шойын-цинк темірі | 71,6 |
| | Цинк | 99,9 |

Мысалға, «Қазақмыс» корпорациясының құрамына: 12 жерасты кендері, ашық жобалау, 8 байыту фабрикалары, 3 мыс балқыту зауыты, бірнеше жөндеу-механикалық зауытын, теміржол және авиациялық көлікті, шахта құрылыс және монтаж құрылыс трестерін, кешенді ғылыми-зерттеу және жобалау институтын, 2 көмір бөлшектеу, 3 жылу электр станциясын жатқызуға болады. «Қазақмыс» құрамындағы өндірістік мекемелер: «Жезқазғанмұнай» (65%), «Ұлытау Ботлерс» АҚ (100%),

«Жезқазғангеология» АҚ (60%), АГ «Nowa Resources» компаниясы (100%), «Oii 8aye» АҚ (14,1%), «НПФ Қазақмыс» АҚ (88,9%), «Казкат» ЖШС (96,4%), «Жарылыс» АҚ (9,3%), «Қазэнергокабель» АҚ (21,05%), «Шаңырақ» АҚ (100%), «Жаналық» АҚ (9,8%).

Бәсекелестіктің дамымауы мен әлсіздігі, шаруашылық субъектілерін бөлу түрінің әлсіздігі, жеке әрекет ету түрі және монополиялық артықшылыққа ие болуды жүзеге асыруға талпынысының бейнеленуі тиімді нарық қызметіне кедергі келтіреді. Монополиялық шаруашылық субъектілеріне кең түрде әсер етеді.

Нарық жағдайындағы монополиялық тенденциялардың шектен тыс негізгі құралы болып антимонополиялық заң табылады. Антимонополиялық заң нарық экономикасының субъектілерінің тәртіп ережелері мен нормаларын анықтап, монополияға қарсы және бәсекелестікті дамыту бойынша мемлекеттік заң немесе нормативтік акт бекітілуі керек [11,12,13,14].

ӘДЕБИЕТ

1. Среднесрочная фискальная политика Республики Казахстан. Утверждена Постановлением Правительства РК от 29 августа 2007 года № 754 с изменениями и дополнениями, внесенными Постановлением Правительства РК от 21 октября 2008 года № 968.
2. Назарбаев Н. Қазақстан - 2030. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы.- Алматы: Білім. 1997.- 256 с.
3. Алимбаев А.А. Государственное регулирование экономики.-Караганда, 1999.- 320 с.
4. Касымбек Ж. М. Государственное регулирование развития транспортного комплекса Республики Казахстан, автореферат, Алматы, 2009.
5. Робинсон Дж. Экономическая теория несовершенной конкуренции. М.: Прогресс, 1986.
6. Баймуратов У. Национальная экономическая система.-Алматы: Ғылым,2000.
7. Ахметжанов Б. Реструктуризация промышленности Казахстана в условиях перехода к рынку: методология и проблемы.- Алматы, 1998.- 253 с.
8. Диверсификация экономики Казахстана.- Мат-лы международной конференции от 19 октября 2005г.- Алматы, 2005.- 138 с.
9. Сабден О.С. и др. Рыночная экономика.Алматы: Ғылым, 2002. – 752 с.
10. Селезнев А. О макрорегулировании экономики в свете положений теории экономического роста. // Экономист, 2002, №11. - С.9.
11. ҚР «Табиғи монополиялар туралы» заңы, № 272-1 , 9 шілде 1998 ж., (13.07.1999 ж., № 413-І; 29.03.2000 ж., № 42-ІІ; 06.12.2001 ж., № 260-ІІ; ж 26.12.2002 ж., № 364-ІІ толықтырулармен, өзгерістермен).
12. ҚР «Бәсекелестік пен монополиялық қызметті шектеу туралы» заңы,7 шілде 2006 ж.
13. «ҚР 2007-2009 жж бәсекелестікті дамытумен қорғаудың бағадарламасы», ҚР 20 желтоқсан 2006 ж ҚР Үкіметінің қаулысы.
14. «Табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, ставкаларын) бекітудегі шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы нұсқамаларды бекіту», ҚР табиғи монополияларды бәсекелестікті Реттеу Агенттігі Төрағасының № 2348 бұйрығы, 12 тамыз 2003ж.